

«Нұршуақ» тобы

Өткізген: Сағынова.Н.А

Тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан»

Мақсаты: Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ҚР - ның рәміздері, Президент портреті

Барысы:

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар мен балалар! Бүгінгі біздің «Рәміздерім - мақтанышым» атты тақырыптық сабағымызды ашық деп жариялаймын.

Балалар орындарынан тұрып, ҚР - ның Әнұранын орындайды. Ол үшін оң қолымызды кеудемізге қоямыз.

Шаттық шеңбері: Сәлем саған, алтын күн!

Сәлем саған, көк аспан!

Сәлем саған, туған жер!

Сәлем саған, достарым!

Сұрақ-жауап:

Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ.

Біз қай тілде сөйлейміз? Әрине қазақ тілінде.

Ал, сендер біздің елді басқарып отырған президентіміздің есімін білесіңдер ме? Әрине Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев. (Суреттен көрсету)

Ал біздің Елбасымыз кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Сендер мына суреттерден не көріп тұрсындар?

Балалар кейбір жаңадан келген балалар танығанымен толық білмеулері мүмкін, мен сендерге таныстырып өтейін.

Мына бірінші суреттегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.

Балалар тудың түсі көк. Көк түс болудың себебі адам бойына адалдық пен тазалық пен үміт сияқты қасиеттеріне сәйкестенуі тегін емес, көк түс әрқашан бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі. Яғни аспанымыз ашық болсын дегеннің белгісі екен. Тудың қақ ортасында күн мен қалықтаған қыран құсымыз және оң жағында оюдың суреті бар. Күннің болуы әрқашан күндей нұрымыз жарқын болсын деген ниетпен, дала бүркіті Қазақстандықтар ұғымында дархандық пен қырағылық, биіктік пен бейнеленген. Тудың оң жағында оюдың бейнеленуі біздің қазақ екенімізді білдіретін қазақтың ою - өрнегі бейнеленген. Ал түстерінің сары болуының себебі сары түс молшылықтың байлықтың белгісі.

Келесі суреттен біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының ортасында елтаңбаның негізі ретінде шаңырақ бейнеленген. Ол елтаңбаның жүрегі іспеттес.

Шаңырақ еліміздің біртұтастығын, мемлекеттік бастауы, отбасы ошағын бейнелейді. Екі жағындағы қанатты тұлпар мәңгілік өмір, болашаққа үміт артқан сендер сияқты балалардың арманы, самғау биігі.

Шекесіндегі бес жұлдыз мемлекетіміздің жарқын болашағына жол көрсетер жұлдызы. Елтаңбаның астында «Қазақстан» атты жазу біздің қазақ екенімізді білдіретін айырықша белгі екен.

Біздің рәміздеріміздің бірі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні. Балалар ҚРМ Гимнінің сөзін Елбасымыз Нұрсұлтан атамыз және Жүмекен атамыз жазған. Әні жазған Шәмші атамыз.

Балалар ендігі кезекте ойын ойнап алайық: Туды құрастыру

Жарайсыңдар балалар енді бір сергіп алайық.

Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар
Алдымнан жел еседі
Кіп кішкентай ағаштар
Үлкен болып өседі.

Қорытынды:

Оқу іс әрекетіне қатысқан балаларды ауызша бағалау. Қош сау, болыңдар

«Нұршуақ» тобы

Өткізген: Есенгелдиева. Г.Б

Білім беру салалары: Қатынас

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Ерке төлдер

Мақсаты: суреттер бойынша әңгіме құрауға, мазмұндауға сұрақтарға жауап беруге, үй жануарларының төлдерін жекеше, көпше түрде атауға үйрету

Міндеті:

а) **Білімділік:** үй жануарлары жайында түсінік беру

ә) **Дамытушылық:** сұрақ-жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеу қабілетін дамыту

б) **Тәрбиелік:** үй жануарларына қамқорлық көрсетуге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суреттен үй жануарларын көрсете отырып, олардың төлдерін сызықпен қосуды;

Түсінеді: үй жануарларын және олардың төлдері туралы мәліметтерді;

Қолданады: дыбыстарды дұрыс айта білуді;

Көрнекіліктер: (үй жануарларының төлдерімен суреттері)

Алдын -ала жүргізілетін жұмыс: “Үй жануарлары” ойынын ойнату

Сөздік жұмыс: үй жануарлары, түйе, бота, жылқы, құлын

ҰОҚ барысы:

1. Ұйымдастырушылық кезең.

Шөре, шөре лағым

Тентек болма шырағым

Секеңдемей, деміңді ал

Селтеңдемей құлағың, -депнені айтамыз?

2. Негізгі кезең.

- Сендер қандай үй жануарларын білесіңдер? Неге үй жануарлары деп атаймыз? - Қолда ұстайтын, адамкүтіп баптайтын жануарларды үй жануарлары деп атаймыз. Олардың еті, сүті бізге тамақ, ал жүні, терісі киім.

Сергіту сәті:

Құлыншағым, құндызым

Құлдырайды шабады.

Жылтыңдаған жұлдызым

Құстай қанат қағады

“Төлдерін тап” ойынын ойнату

Ойынның шарты: суреттен үй жануарларын көрсете отырып, олардың төлдерін тауып сәйкестендіреді. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан үй жануарларын төлдерімен қайталату. Үй жануарларын атайды. Балалар суреттен үй жануарларын көрсете отырып, олардың төлдерін тауып, сызықпен қосады.

Қорытынды:

-Қандай үй жануарларын білесіңдер?

-Малдардың төлдерін атаймыз?

Сұрақ- жауап арқылы оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақ